ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 10 шілде №7119-24-00-2/7339 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Э.Е.Хасанова,
сот отырысының хатшысы А.А.Махамбетова,
ашық сот отырысында аудио-, бейнетіркеуді және ұялы байланыс техникалық құралдарын қолданып, электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Баймахан» атаулы дара кәсіпкер Олжас Кенбайұлы Кенбай
«MB KAZ COMPANY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Автомаркет.kz» атаулы дара кәсіпкер Альмира Болатовна Садвакасова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Касымбекова А.
Жауапкер О.Кенбай

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 04 наурызда Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» ШЖҚ МКК (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) және «Баймахан» дара кәсіпкер арасында жалпы сомасы 1 531 700 теңгеге тауарды (деңгей, баспалдақ) жеткізуге №101 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) жасалды.

Шарттың 1-қосымшасына сәйкес Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қызмет көрсету мерзімі күнтізбелік 15 күн құрайды, яғни 2024 жылғы 30 наурызға дейін.

2024 жылдың 4 мамыр шарт біржақты тәртіппен бұзылды.

2024 жылғы 01 наурыздағы Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» ШЖҚ МКК және «MB KAZ COMPANY» ЖШС арасында жалпы сомасы 1 715 500 теңгеге тауарды (Күрек) жеткізуге мемлекеттік сатып алу туралы шарт №162 (бұдан әрі - Шарт) жасалды.

Документ подписан: Хасанова Э.Е., 10.07.2024
7119-24-3-6/620
Дата распечатки: 12.08.2024, судья Хасанова Э.Е., 20.08.2024
Scanned with CamScanner

Шарттың 1-қосымшасына сәйкес тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қызмет көрсету мерзімі күнтізбелік 15 күн құрайды, яғни 2024 жылғы 30 наурызға дейін.

2024 жылдың 4 мамыр шарт біржақты тәртіппен бұзылды.

2024 жылғы 13 наурызда Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» ШЖҚ МКК және «Автомаркет.kz» арасында жалпы сомасы 162 400 теңгеге тауарды (Тығыздағыш) жеткізуге мемлекеттік сатып алу туралы шарт № 213 жасалды.

Шарттың 1-қосымшасына сәйкес тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қызмет көрсету мерзімі күнтізбелік 15 күн құрайды, яғни 2024 жылғы 29 наурызға дейін.

2024 жылдың 4 мамыр шарт біржақты тәртіппен бұзылды.

Осыған орай талап қоюшы соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талаптарды толығымен қолдады және талап арызды қанағаттандыруды сұрады. Бұл ретте тауар жеткізілмеген және ақырғы нәтижеге қол жетпеген. Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар кәсіпорын үшін елеулі теріс салдарлардың туындауына әкеп соққан.

Сот отырысында «Баймахан» атаулы дара кәсіпкер Олжас Кенбайұлы Кенбай мен «MB KAZ COMPANY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі талап қоюмен келісетіндігін білдірді.

Жауапкер дара кәсіпкер Альмира Болатовна Садвакасова сот отырысының болатын орны мен уақыты туралы хабарлама арқылы ескертілгеніне қарамастан белгісіз жағдайлармен сотқа келмеген. Осыған орай, сот Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (ары қарай – АПК) 196-бабына сәйкес азаматтық істі жауапкердің қатысуынсыз қарауға мүмкіндік бар деп санайды.

Талап қоюшының өкілін тыңдап, азаматтық істің материалдарын зерттеп, сот келесі тұжырымға келеді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1)өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей,

Scanned with CamScanner

сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы мен жауапкерлердің арасында шарт жасалып, шартта көзделген мерзімде өнім беруші тауар жеткізілмеген, қызмет көрсетілмеген.

Шарттар өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамағаны үшін бір жақты бұзылды.

Талап қоюда өнім берушінің шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сот іске тіркелген құжаттардан жауапкер шарттың талаптарын бұзған, осыған байланыста қазіргі уақытта шарт бұзылған.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің шартты орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сонымен қатар, сот шарт бойынша талап қоюшының мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді, себебі шарттың талаптарына сәйкес міндеттемені орындау мерзімін кешіктірілген жағдайда, тапсырыс беруші орындаушыдан әрбір кешіктірілген күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды.

Жауапкерлердің әрекеттерінде шарттың талаптарын бұзуының бар болғанына байланысты айыппұлды төлеуден босатылуға жатпайды.

Сот шығындары АПК-нің 117-бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкерлер «Баймахан» дара кәсіпкері басшысы Олжас Кенбайұлы Кенбай, «MB KAZ COMPANY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Автомаркет.kz» атаулы дара кәсіпкер Альмира Болатовна Садвакасованың мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою толық қанағаттандырылсын.

1) «Баймахан» атаулы Олжас Кенбайұлы Кенбай дара кәсіпкер (ЖСН 871228302029) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Баймахан» атаулы Олжас Кенбайұлы дара кәсіпкерден Кенбай талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System»

Дата вступления в законную силу 12.03.2024 судья Хасанова Э.Б. 20.09.2024

Scanned with CamScanner

шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 22 976 (жиырма екі мың тоғыз жүз жетпіс алты) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 689 (алты жүз сексен тоғыз) теңге мөлшерінде төленген мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Баймахан» Олжас Кенбайұлы Кенбайдан дара кәсіпкерден мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

2) «MB KAZ COMPANY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 190240025554) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «MB KAZ COMPANY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 5733 (жиырма бес мың жеті жүз отыз үш) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 772 (жеті жүз жетпіс екі) теңге мөлшерінде төленген мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «MB KAZ COMPANY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

3) «Автомаркет.kz» атаулы дара кәсіпкер Альмира Болатовна Садвакасова (ЖСН 960620451566) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Автомаркет.kz» атаулы дара кәсіпкер Альмира Болатовна Садвакасовадан талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 2436 (екі мың төрт жүз отыз алты) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 73 (жетпіс үш) теңге мөлшерінде төленген мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Автомаркет.kz» басшысы Альмира Болатовна Садвакасовадан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, іске қатысқан тұлғалар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, ал прокурор апелляциялық өтініштхат беруі мүмкін.

Судья Э.Е. Хасанова

Көшірме дұрыс

Судья Э.Е. Хасанова

Анықтама: Шешім заңды күшіне 12 тамыз 2024 жылы енді.

Судья Э.Е. Хасанова

Scanned with CamScanner